

4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
6. Тәуекелдерді басқару
7. Бюджеттік бағдарламалар

1-бөлім. Миссия және пайымдау

Миссия

Мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру және іске асыру, денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетуді салааралық үйлестіру мен мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру жолымен Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту.

Пайымдау

Халықтың қажеттілігіне сай келетін тиімді және қолжетімді денсаулық сақтау жүйесі

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды және денсаулық сақтау саласының даму үрдістерін талдау

1. Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім деңгейін төмендету

Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі параметрлері

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мембағдарлама) іске асыру кезеңінде халық денсаулығын сипаттайтын медициналық-демографиялық жағдай мен көрсеткіштерде мынадай о н с е р п і н б а й қ а л д ы :

- 1) халықтың туу деңгейінің 1000 адамға шаққанда 22,54-ден (2010 жыл) 22,69-ге (2012 жыл) дейін артуы;
- 2) өлім көрсеткішінің тұрақтануы 1000 адамға шаққанда 8,51 (2012 жыл) (2010 жыл - 8,94);
- 3) халықтың табиғи өсу коэффициентінің 1 000 адамға шаққанда 14,18-ге (2012 жыл) дейін артуы (2010 жыл - 13,60).

Республикада халықтың саны 2010 жылмен салыстырғанда 470 мың адамға артты және 2013 жылдың басында 16 909,7 мың адамды құрады.

Қазақстанда 2010 жылмен (68,41 жас) салыстырғанда 2012 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығы артты және 69,61 жасты құрады, бұл республиканың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында (бұдан әрі - ТМД) позициясын жақсартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдары (2010 жылы – 79,8 жас) және Еуропа одағы елдерімен (World Factbook бағалауы бойынша 2013 – 79,9 жас) салыстырғанда Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы айтарлықтай төмен.

Әйелдер мен балалар денсаулығы жақсарып келеді. Соңғы үш жылда (2010 жылдан бастап) ана өлімі 1,7 есе азайды, нәрестенің шетінеушілігі 1,2 есе төмендеді. 2012 жылдың қорытындысы бойынша ана өлімінің көрсеткіші 100 мың тірі туғанға шаққанда 13,5-ті құрады. Ана өлімінің ең жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан (24,4), Оңтүстік Қазақстан (23,2), Жамбыл (18,7) облыстарында және Алматы қаласында (18,2) тіркелген. 2012 жылдың өткен мерзімі ішінде нәресте шетінеушілігінің деңгейі 2010 жылғы 16,54-ке қарсы 1000 тірі туғанға шаққанда 13,48-ді құрады. Нәресте шетінеушілігінің ең жоғары деңгейі Қызылорда (18,7), Шығыс Қазақстан (16,5), Атырау (15,9), Оңтүстік Қазақстан (14,9) және Қостанай (14,7) облыстарында байқалады.

Ана мен бала (нәресте) өлімін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) деңгейінде төмендету бойынша жүйелік шаралар шеңберінде ұрпақты болу жасындағы әйелдердің денсаулығын жақсарту, ауруларды ерте анықтау, диспансерлік қадағалау және оларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Халықаралық талаптарға сәйкес ана мен баланың денсаулығын сақтау бойынша диагностика мен емдеу хаттамалары жетілдірілуде, диагностика мен емдеудің 40-тан аса хаттамалары, оның ішінде 8 клиникалық нұсқау әзірленді, осы бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Соңғы үш жылда әлеуметтік мәні бар аурулар таралуының және одан халықтың өлімінің кейбір көрсеткіштерінің төмендегені байқалады.

Ел ауқымында ауруларды ерте анықтау мақсатында 2010 жылдан бастап 6 негізгі әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте анықтау және болғызбау бойынша Ұлттық скринингілік бағдарлама енгізіледі, ол жетілдіріліп, кеңейтілуде. Одан басқа Қазақстан Республикасындағы 2012-2016 жылдарға арналған онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасының шеңберінде қуықасты безі, өңеш және асқазан, бауыр обыры сияқты онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау үшін скринингілік бағдарламалар кезең-кезеңмен кеңеюде.

Бүгінгі таңда қан айналым жүйесі аурулары сырқаттанушылықтың жалпы құрылымында айтарлықтай орын алады және халық өлімінің негізгі себебінің арасында бірінші орынға ие. Скринингілік зерттеулер жүргізуге байланысты қан

айналым жүйесі ауруларымен (бұдан әрі – ҚЖА) сырқаттанушылық 10 мың адамға шаққанда 2010 жылғы 2086,7-ден 2012 жылы 2588,8-ге дейін жетті. Ауруларды ерте анықтау, науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыс тиімділігінің көрсеткіші ҚЖА-дан өлімнің 2010 жылы тиісінше 403,9-дан 2012 жылы 251,88-ге дейін азаюы болып табылады.

2010-2012 жылдары ҚЖА кезінде жоғары технологиялық көмектің артуы байқалады, озық технологиялар енгізілуде, коронароангиография саны 2 есе, стенттеу – 4,5-ке артты және т.б. Кардиологияға жоғары технологияларды енгізу асқынулардың және жүрек-тамыр ауруларынан өлім деңгейін айтарлықтай төмендетті, бұл толық еңбекке және белсенді өмірге қайтарылған пациенттердің с а н ы н а р т т ы р д ы .

ҚЖА өлімін азайту бойынша іс-шаралардың бірі ми қан айналымының жіті бұзушылығы бар науқастарға көмек көрсету үшін инсульт орталықтарын ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі уақытта республика бойынша 20 инсульт орталығы қызмет істейді, оның ішінде 2011 жылы ҚР 6 облысында 8 инсульт орталығы, 2012 жылы – ҚР 10 облысында тағы 12 ашылды. 2013 жылы 16 облыста 28 инсульт орталығын ашу жоспарлануда.

2010 жылмен салыстырғанда қатерлі ісіктермен сырқаттанушылық көрсеткішінің біршама артуы (100 мың адамға шаққанда 181,2-ден 190,6-ға дейін) байқалып отыр. Бұл ретте осы көрсеткіштің ең жоғарғы деңгейі өнеркәсіптік дамыған өңірлерде тіркелген. Бұл Солтүстік Қазақстан (309,1), Павлодар (301,5), Қостанай (291,9) және Шығыс Қазақстан (276,2) облыстары.

Республика халқының өлімі құрылымында онкологиялық аурулар екінші орынға ие болып отыр. Онкологиялық ауруларды ерте анықтауға бағытталған іс-шаралар (скринингілік зерттеулер) химиялық препараттармен қамтамасыз ету, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайту қатерлі ісіктерден өлім көрсеткішін 100 мың адамға шаққанда 2010 жылғы 108,93-тен 2012 жылы 100,3-ке дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы « Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» 2012 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы бекітіліп, іске асырылуда, бағдарламаның мақсаты онкологиялық аурулардан халықтың өлімін азайту жолымен қазақстандықтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыру.

Қазіргі заманда жаракаттану Қазақстанда ғана емес, әлемнің басқа да көптеген елдерінде маңызды әлеуметтік-медициналық проблемалардың бірі болып отыр. Қазақстанда халықтың сырқаттанушылық, уақытша еңбекке жарамсыздық және өлім құрылымында, сондай-ақ мүгедектікке алғаш шығу

бойынша үшінші орынды алады. Жол-көлік оқиғаларынан болатын өлімді төмендету бойынша пәрменді шараларды қабылдау жазатайым оқиғалардан және жарақаттардан болатын өлім санын 100 мың адамға шаққанда 2010 жылғы 108,72-тен 2012 жылы 96,78-ге дейін азайтуға мүмкіндік берді.

Жол-көлік оқиғаларынан болатын жарақаттарды азайту үшін республикада инновациялық жоба әзірленді – жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсетуді жетілдіру, ол жарақаттану қаупі жоғары республикалық маңызы бар автомобиль трассаларының бойында 40 ауданаралық травматологиялық бөлімшелерді ұйымдастыруды және оларды қазіргі заманғы медициналық диагностикалық және емдеу құралдарымен жарақтандыруды көздейді.

Қант диабеті көптеген елдерде сияқты республикада да маңызды проблема болып отыр. Талдау мерзімі ішінде қант диабетімен сырқаттанушылық артты және 100 000 адамға шаққанда 2010 жылы 146,6-мен салыстырғанда 2012 жылы 170,8-ді құрады.

Халықтың өмір сүру сапасын және ұзақтығын арттыру мақсатында қант диабетін профилактикалау, ерте анықтау, науқастарды тиімді емдеу және оңалту бойынша іс-шаралар жүргізілуде. 2012 жылы қант диабетін ерте анықтау үшін 2 596 686 адам тексеріліп-қаралды, оның ішінде ауру 9 653 адамда анықталды. 1996 жылдан бастап республикалық бюджеттен диабетке қарсы препараттарды орталықтандырып сатып алу және жеткізу құралдары үшін қаржы бөлінеді, сондай-ақ бөлінетін сома жыл сайын өсуде. Қант диабеті бар барлық науқастар инсулинмен 100%-ға қамтылған.

Республикада туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты болып тұр, оның айғағы ретінде халықтың барлық жас топтарының арасындағы сырқаттанушылықтың, өлімнің және туберкулездің резистенттік түрлерінің таралуының төмендеуі болып табылады. Осылайша, туберкулезбен сырқаттанушылық және туберкулезден өлім деңгейі 100 мың адамға шаққанда 2010 жылы 95,3-тен 2012 жылы 81,7-ге дейін және 2010 жылы 10,6-дан тиісінше 2012 жылы 7,5-ке дейін төмендегені байқалады. Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі рейтингінде (бұдан әрі - БҚЖИ) Қазақстан туберкулезбен сырқаттанушылық бойынша 107-орынды алып отыр және туберкулездің бизнеске әсері бойынша 112-позицияда тұр.

Кезең-кезеңмен төсек қорды оңтайландырумен туберкулезге қарсы ұйымдарды нозокомиалды туберкулездің таралуын алдын алуға бағытталған инфекциялық бақылаудың халықаралық талаптарына сәйкес мономәртебесі бойынша науқастарды күту және ағындарды нақты бөлумен жана қайта құрылымдау іске асырылды. Елімізде туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайды жақсартуға Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті

атқарушылық органдарының деңгейінде қабылданатын жүйелік шаралар себеп
б о л д ы .

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі - ДДҰ) деректері бойынша Қазақстан АИТВ/ЖИТС індеті шоғырлану сатысында (әлемдік орташа көрсеткіштің 1,1 %-ына халықтың 0,2 %-ы) (2010 және 2011 жылдары – 0,18) тұр. Өткен 2012 жылы ең жоғары көрсеткіш Қарағанды - 0,462, Павлодар - 0,453 облыстарында және Алматы қаласында - 0,438 тіркелген. БҚЖИ рейтингі бойынша Қазақстан АИТВ-ның таралуы бойынша 12-позицияда (2011 жылы – 21 позиция, 2010 – 22) және АИТВ/ЖИТС-тің бизнеске әсер етуі бойынша 73-позицияда (2011 жылы – 96 позиция, 2010 - 86).

Соңғы жылдары санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың жай-күйінің жағымды серпіні байқалады, көптеген елеулі инфекциялық аурулар (вирусты гепатиттер, аса қауіпті инфекциялар, сүзек, паратиф аурулары) бойынша сырқаттанушылықтың іс жүзінде азайғаны байқалады, вакцинамен басқарылатын бірқатар инфекциялар (полиомиелит) бойынша оларды толық жоюға қол жеткізілді немесе оларды элиминациялау міндеті қойылуда (қызылша). 2010 жылы пневмококк инфекциясына қарсы иммундауды енгізумен профилактикалық екпелердің ұлттық күнтізбелігі кеңейтілді.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізу кезінде тәуекелдер жүйесін бағалау енгізілді, нормативтік құқықтық базаны кезең-кезеңмен үйлестіру жүзеге асырылуда. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың барлық деңгейлерінде зертханалық зерттеулердің сапасына сыртқы бағалау жүргізіледі. Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес 2012 жылы сапаны сыртқы бағалау жүйесіне тағам өнімдерінің, балалар тауарының, радиология және т.б. қауіпсіздігінің сапасын бағалау бөлігінде толықтырулар енгізілді. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында көлікте және аумақтар деңгейінде санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау қызметінің органдары мен ұйымдары қайта ұйымдастырылды.

Негізгі проблемаларды талдау

Медициналық демографиялық көрсеткіштердің оң серпініне қарамастан, күтілетін өмір сүру ұзақтығы төмен деңгейде қалып отыр. Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші 2012 жылдың қорытындылары бойынша 69,9 жылды құрады, бұл табыстың ұқсас деңгейі бар елдермен салыстырғанда 4 жылға төмен. Күтілетін өмір сүру ұзақтығы бойынша Қазақстанда бұрынғыдай гендерлік теңсіздік бар. Айырмашылық 9,5 жылды құрайды.

Халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығын арттыруға денсаулық сақтау жүйесі әсерінің асыра ұлғайтылған күтуі, халықты саламатты өмір салтын ұстану мен аурулардың профилактикасы мәселелеріндегі жеткіліксіз уәждеу, жүрек-қантамыр ауруларынан, жол-көлік оқиғаларынан, онкологиялық аурулардан, туберкулезден еңбекке қабілетті жаста қайтыс болудың жоғары деңгейі, қоршаған ортаның, суды тұтыну мен тамақтанудың қолайсыз жағдайларының сақталуы, халықтың әлеуметтік осал санаттарының әлеуметтік-экономикалық жағымсыз жағдайы халық денсаулығының жоғары емес деңгейінен көрінеді.

Ана мен бала денсаулығын сақтау саласын айтарлықтай жақсартуға қарамастан, республикада ана мен бала нәресте өлімінің көрсеткіштері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымның (ДДҰ) Еуропалық өңірімен салыстырғанда жоғары болып қалуда.

Ана мен нәресте өлімінің себептерін талдау қайтыс болған әйелдің өлімінің себепшісі болған акушериялық қан кету мен экстрагениталдық аурулардың туындауына әкелетін ұйымдастыру-тактикалық қателіктердің болуын көрсетеді. Бұдан басқа ана мен нәресте өлімінің негізгі себептері амбулаториялық деңгейде жүкті әйелдерді сапасыз қадағалау, перинаталдық көмекті өңірлендірудің және диагностика мен емдеу стандарттарының қағидаттарын сақтамау, перинаталдық көмек қағидаттарын сақтамау және туа біткен даму кемістіктерін пренаталдық диагностикалау сапасының төмендігі, отбасын жоспарлау бойынша жүйелі жұмыстың болмауы және жоғары тәуекел тобындағы әйелдердің қазіргі контрацепцияға қол жетімділігінің болмауы ана мен жоғары тәуекел тобындағы әйелдердің перинаталдық қайтыс болуының басты себептерінің бірі болып табылады. Бұл ретте, әйелдерді контрацепциямен қамтамасыз ету соңғы екі жылдың ішінде сол күйде қалып, 38,7 % - 38,0 % құрайды. Ана мен нәресте өлімін төмендету бойынша іс-шаралар ұрпақты болу жастағы әйелдерде ауруларды ерте анықтауға, сауықтыруға және оңалтуға, отбасын жоспарлауға, аборттар мен бедеулікті профилактикалауға, жүктіліктің қалыпты ағынына, сәтті босануға, дұрыс тамақтануға және балаға күтім жасауға, әйелдердің өз денсаулығына және болашақ баланың денсаулығына жеке жауапкершілігін арттыруға бағытталатын болады.

Одан басқа туберкулезді емдеудің «DOTS-плюс» бағдарламасын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды құрылысқа қарамастан, туберкулездің таралуын эпидемиологиялық бақылау, дәріге тұрақтылықтың дамуы және туберкулез салдарынан болатын өлім себебі өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда туберкулезбен сырқаттанушылық деңгейі ТМД елдерімен салыстырғанда ең жоғары.

Қоршаған ортаның зиянды факторлары әсерінен болатын экологиялық

жағдайдың нашарлауы сырқаттанушылық көрсеткіштері (тыныс алу ағзаларының аурулары, онкологиялық аурулар, аллергиялық аурулар және т.б.) деңгейінің артуына әкеліп отыр.

Дүние жүзінде мүгедектіктің және мерзімнен бұрын өлімнің маңызды себебі болып табылатын, күтілетін өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштеріне маңызды әсер ететін, ең алдымен елдердің әлеуметтік-экономикалық саламаттылығының өсуіне, өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына, онкологиялық ауруларды анықтауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды өткізуге байланысты инфекциялық емес созылмалы аурулармен сырқаттанушылықтың өсуі байқалады.

ДДҰ болжамдары бойынша қатерлі ісіктерден сырқаттанушылық және өлім 2020 жылға дейін дүние жүзінде 1,5 - 2 есеге ұлғаяды. Обырмен сырқаттанушылықтың өсуі саламаттылықтың және халықтың өмір сүру ұзақтығының ұлғаюын ескере отырып, сондай-ақ ерте диагностикалау бағдарламаларын енгізе отырып, қатерлі ісіктерді анықтау деңгейінің өсуін ескеріп, қатерлі ісікпен сырқаттанушылықтың өсуінің ұқсас үрдісі Қазақстан Республикасына да тән. ДДҰ зерттеулеріне сәйкес онкологиялық сырқаттанушылықтың өсуі өкпе обырының, адамдарда колоректалдық обырдың, сондай-ақ әйелдерде сүт безінің обыры мен жатыр мойны обырының есебінен болады. Жыл сайын Қазақстанда обырдан 17 000 адам қайтыс болады, оның ішінде 42 % еңбекке қабілетті жастағы адамдар.

Қазіргі уақытқа дейін қоғамдық денсаулық сақтаудағы қызметтің, оның ішінде инфекциялық емес аурулармен сырқаттанушылықты профилактикалау және оны төмендету бойынша рөлін нығайту мәселелері шешілмей отыр.

Қауіпсіз өнім мен қызметті қамтамасыз ету саласында тұтынушылардың құқығын қорғау жүйесі дамымаған.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамыту үшін қолданыстағы кедергілерді төмендету және оны алып тастау мақсатында тәуекелді болжамдау, бағалау және басқару жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру қажет, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерін оңтайландыру және тексеруді азайту.

Қазақстанмен тікелей көлік қатынасы бар шекаралас елдер мен мемлекеттерде ошақтары тіркелген аса қауіпті және басқа да инфекциялық аурулардың (қалыптан тыс пневмония, құс тұмауы, 71 типті энтеровирусты инфекция және басқалары) әкеліну қаупіне байланысты эпидемиологиялық ахуалдың шиеленісу қаупі сақталуда.

Жоғарыда көрсетілген проблемаларды басым көпшілігін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) деңгейінде шешуге болады. Халықаралық тәжірибе МСАК қаржыландырудың көлемі денсаулық сақтаудың шығыстарынан кем дегенде 40 %-ды құраған жағдайда МСАК анағұрлым үлкен қамтымы мен тиімділігіне қол жеткізілетінін көрсетеді. Бірақ 2012 жылдың

қорытындылары бойынша Қазақстан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің қаражатынан МСАК-қа 17,5 %-ын ғана бөледі.

Профилактикалық іс-шараларды нығайтуға, отбасын жоспарлауға, МСАК деңгейінде халықтың білімін жақсартуға, хабардар болуына, азаматтардың өз денсаулығына ортақ жауапкершілігін арттыруға, сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды арттыруға бағытталған іс-шараларды жалғастыру қажет.

Сыртқы және ішкі негізгі факторларды талдау

Халық денсаулығының жай-күйін көрсететін көрсеткіш деңгейіне мынадай сыртқы және ішкі факторлар ықпал етеді.

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

Саламатты өмір салтын сақтамау, қоршаған ортаның жағымсыз жағдайы (ДДҰ деректері бойынша адам денсаулығының 50 %-ы оның өмір сүру жағдайына байланысты (әлеуметтік-экономикалық факторлар, білім деңгейі, зиянды әдеттерге бейімділік, саламатты өмір салтын ұстану және басқалар); 20 %-ға дейін денсаулық деңгейі қоршаған орта жағдайына байланысты);

1) ауыз суының төмен сапасы (халықтың 87,7 %-ы ғана қауіпсіз ауыз сумен қамтамасыз етілген, бұл өз кезегінде инфекциялық сырқаттанушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді);

2) қауіп факторлары (жеті жетекші қауіп факторына созылмалы аурулардың жалпы ауыртпалығының 60 %-ы келеді: темекі шегу (13,4 %), қауіпті мөлшерде алкогольді тұтыну (12,8 %), жоғары қан қысымы (12,3 %), гиперхолестеринемия (9,6 %), дене салмағының артық болуы (7,4 %), жеміс-жидек пен көкөністерді жеткіліксіз тұтыну (5,5 %), дене белсенділігінің төмен болуы (3,5 %);

3) халықтың саламатты өмір сүру және аурудың профилактикасы, дұрыс тамақтану мәселелері бойынша хабардар болуының және уәждемесінің жеткіліксіздігі;

4) Қазақстанмен тіке көлік қатынасы бар шекаралас елдер мен мемлекеттерде аса қауіпті инфекциялардың таралуы бойынша шиеленіскен эпидемиологиялық ахуал, қайта туындаған инфекциялық ауруларға, оның ішінде құс тұмауына эпидемиологиялық қадағалауды күшейту қажеттілігі;

5) Қазақстанның Кеден одағына кіруі.

І ш к і ф а к т о р л а р :

1) жүргізілетін профилактикалық тексеріп-қараулар мен ерте диагностикалау тиімділігінің жеткіліксіздігі;

2) ауруларды диагностикалаудың, емдеудің және оналтудың дәлелді медицинаға негізделген жаңа әдістері мен хаттамаларының жеткіліксіз енгізілуі;

- 3) МСАК пен стационардың арасындағы сабақтастықтың болмауы.
- 4) қызметтің қоғамдық денсаулық сақтаудағы, оның ішінде инфекциялық емес аурулармен сырқаттанушылықты профилактикалау және төмендету бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмектің жеткіліксіз рөлі;
- 5) зертханалық зерттеулер жүргізетін санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының қызметіне жұмыстың қазіргі заманғы инновациялық тәсілдерін енгізудің төмен деңгейі;
- 6) медициналық иммунобиологиялық препараттарды, бірінші кезекте диагностикумдарды, тест жүйелерін және басқаларды шығару бойынша өндірістік базаны дамытудың төмен деңгейі.

2. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру:

Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.06.2014 № 687 қаулысымен.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі параметрлері

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау ұйымдарының желісінде жеке меншік құрылымдарды есептегенде, 904 емдеу және 3258 амбулаториялық-емханалық ұйымдары жұмыс істейді. 2010 жылмен салыстырғанда амбулаториялық-емханалық ұйымдардың саны 74-ке ауруханалық ұйымдардың саны 94 - ке азайды.

2012 жылы ауруханалық төсектермен (Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесінде) қамтамасыз ету көрсеткішінің 10 мың адамға шаққанда 2005 жылғы 68,2-ге қарағанда 59,4-ке дейін азайғаны байқалады. Бірақ бұған қарамастан осы көрсеткіштің деңгейі 10 мың адамға шаққанда 56,4-ті құрайтын орташа еуропалық деңгейден анағұрлым жоғары. Өңірлер бөлінісінде төсекпен қамтамасыз етудің жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан (75,7) және Ақмола (77,1) облыстарында, ал ең төмен деңгейі Алматы (46,0) және Оңтүстік Қазақстан (10 мың адамға шаққанда 45,6) облыстарында байқалады.

2010-2012 жылдар ішіндегі төсек қоры бойынша салыстырмалы талдау көрсеткендей төсек санының азаюы 6 өңірде: Ақмола (778 төсекке), Қостанай (624 төсекке), Солтүстік Қазақстан (598 төсекке), Қарағанды (576 төсекке), Шығыс Қазақстан (427 төсекке) облыстарында байқалып отыр. Ауруханалық төсектер санының төмендеуі ауылдық ауруханаларды оңтайландырылуына және қалалық ауруханалардың төсек қорының қысқаруына байланысты.

Жыл сайын ел халқының шамамен 18 %-ы стационарларға емдеуге жатқызылады. Стационарды алмастыратын технологиялар белсенді дамуда.

Мысалы, амбулаториялық-емханалық ұйымдардың күндізгі стационарларында 570 634 науқас (2010 жылы – 585 516), ауруханалардың күндізгі стационарларында – 273 714 науқас (2010 жылы – 225 778), үйдегі стационарларда – 94 347 науқас емделген (2010 жылы – 82 357 науқас).

2012 жылы денсаулық сақтаудың амбулаториялық-емханалық ұйымдары 115 885,073 мың пациентті қабылдаған (2010 жылы – 111 491,2 мың пациент), бір тұрғынға шаққанда тексеріп - қаралу саны - 6,9.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі (бұдан әрі - БҰДЖ) енгізілді, ол денсаулық сақтауға инвестициялардың тиімділігін айтарлықтай арттыруға арналған және медициналық қызмет көрсету үдерісінің айқындылығы, түпкілікті нәтижеге бағытталу және пациенттің стационарды еркін таңдау қағидатына негізделген, бұл нәтижесінде медициналық қызметтер нарығында бәсекелестік ортаны құруға ықпал етеді.

БҰДЖ шеңберінде стационарлық деңгейде 2012 жылдан бастап медициналық көмектің сапасын арттыруға және шығыстарды ұтымды басқаруға бағытталған клиникалық-шығынды топтар бойынша ақы төлеу әдісі енгізілді. Медициналық көмек көрсетудің, әсіресе өңірлердегі халық үшін қол жетімділігін барынша қамтамасыз ету мақсатында жоғары технологиялар дамуда. Бірегей технологиялар белсенді енгізілуде: жүректі, бауырды, бүйректерді, жасанды сол қарыншаны ауыстырып салу, бүйректі және ұйқыбезді, сүйек кемігін, сүйектерді т р а н с п л а н т а т т а у .

2012 жылдан бастап қатерлі ісіктерді ерте анықтауды арттыру және онкологиялық науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында бір онкологиялық науқас үшін кешенді тариф бойынша ақы төлеу жүйесі енгізілді.

2013 жылдан бастап желіні сақтау және амбулаториялық буынды нығайту мақсатында ауылдық денсаулық сақтауға арналған ресурстар шоғырландырылды және жаһандық бюджет бойынша, яғни 1 ауыл тұрғынына шаққанда кешенді жан басына шаққандағы тариф бойынша қаржыландыру қағидаты енгізілді. Кешенді жан басына шаққандағы тарифке амбулаториялық және стационарлық деңгейлерде қызмет көрсету шығыстары кіргізілген.

Сонымен қатар, материалдық-техникалық базаны нығайту және негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында бүгінгі таңда медицина ұйымдарына жабдықтарды лизинг арқылы сатып алу мүмкіндігі берілген.

БҰДЖ шеңберінде біздің азаматтарымыздың стационарды еркін таңдау құқығы стационар, емхана және пациент арасында орталықтандырылған өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін Емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы і с к е а с ы р ы л а д ы .

Қазіргі уақытта БҰДЖ екінші кезеңінің шеңберінде әлеуметтік қызметтер институтын дамытуға ерекше көңіл аудара отырып, МСАК ұйымдастыру және

қаржыландыру жүйесі жетілдірілуде. Алғашқы денсаулық сақтаудың жұмысының тиімділігін арттыру үшін 2011 жылдан бастап МСАК ұйымдарының штатына медициналық-әлеуметтік технологияларды қолдану арқылы қиын жағдайға душар болған адамдардың (отбасылардың) денсаулығының профилактикасы, қалпына келтіру, сақтау және нығайту жолымен тіркелген халыққа әлеуметтік қызметтерді көрсету үшін әлеуметтік қызметкерлердің, психологтардың лауазымдары енгізілді. 2013 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша МСАК ұйымдарында 540 психолог, 2120 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Бұдан басқа, бекітілген халықпен профилактикалық жұмыс жүргізуді (скринингтер, нысаналы топтарды қалыптастыру, саламатты өмір салты мен ауруды профилактикалауға оқыту) күшейту үшін 2-ші және 3-ші учаскелік мейіргер лауазымдары енгізілді.

МСАК әлеуетін нығайту үшін МСАК ұйымдар қызметінің түпкілікті нәтижесіне бағдарланған, қызметкерлердің еңбегін уәждеу жүйесі қалыптастырылуда, республикалық бюджеттен жан басына шаққандағы нормативке ынталандыру компонентінің түрінде қосымша қаражат бөлінді. Бүгінгі таңда жан басына шаққандағы нормативке ынталандыру компонентінің (бұдан әрі – ЖНЫК) қосымша қаражаты бөлінген. Бүгінгі таңда ЖНЫК барлық МСАК ұйымдарын және оларда жұмыс істейтін медициналық және әлеуметтік қызметкерлерді қамтыған.

Сонымен бірге, 2014 жылдан бастап 1 тұрғынға арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша МСАК қаржыландыруға көшумен амбулаториялық-емханалық көмектің шығыстарын республикалық деңгейде шоғырландыру бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Осы мақсатта МСАК жан басына шаққандағы нормативін қалыптастырудың және оны республика бойынша теңестірудің бірыңғай тәсілінің тетігі әзірленуде.

ТМККК-ні жетілдіру және нақтылау жалғасуда, 2011 жылдан бастап тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі халықтың әлеуметтік-осал топтарына позитрондық-эмиссиялық томография, бірфотондық эмиссиялық компьютерлік томографияны, экстракорпоралдық ұрықтандыру, ортодонттық көмекті енгізу бөлігінде кеңейтілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелері енгізілді.

Министрлік 2013 жылы 9 мемлекеттік қызмет түрін автоматтандыру бойынша жұмысты жүзеге асырды, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттері бекітілді.

Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 498 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтау саласын дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы»

бекітілді, оның шеңберінде уақтылы, өзекті, дәйекті ақпаратты автоматты түрде алу мүмкінiгi қамтамасыз етілген. Электрондық денсаулық сақтаудың орталық элементі электрондық денсаулық паспорты және электрондық медициналық жазбалар түрінде жинақталған әрбір адамның денсаулығы туралы ақпарат болуы тиіс. Медициналық көмек көрсету процесін анағұрлым толық айқындайтын осындай ақпарат нақты статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік береді, ол басқару мен қаржыландыру үшін сияқты ғылыми зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Еліміздің барлық халқын 2020 жылға қарай электрондық денсаулық паспорттарымен қамту

б о л ж а н ы п о т ы р .

Қазіргі уақытта Ұлттық телемедицина желісінің құрамына 190 объект қосылған: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, 14 облыстық аурухана, 2 қалалық аурухана, 137 аудан орталығы, 14 республикалық клиника, 6 медициналық ЖОО, 14 облыстық және 1 қалалық денсаулық сақтау басқармасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК.

2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда телемедицина консультацияларының саны 12 %-ға ұлғайды және 17752 консультацияны құрады (2012 жылы – 15751). Көбінесе телемедицина консультациялары мынадай кардиология (6936 немесе 39%), пульмонология (2668 немесе 15%) және неврология (564 немесе 7%) сияқты нозологиялар бойынша жиі өткізілді.

Халыққа, әсіресе шалғайда және жетуі қиын жерлерде тұратын ауыл тұрғындарының медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында көліктік медицинаны дамыту бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша скринингтік зерттеулерді жүргізу және консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетуге арналған қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен жарақтандырылған және дәрігерлер бригадаларымен жасақталған 49 жылжымалы медициналық кешен (бұдан әрі – ЖМК) жұмыс істейді. ЖКО-дан зардап шеккен адамдарға уақтылы медициналық көмек көрсету үшін республикалық маңызы бар трассаларда 2011 жылдан бастап реанимобильдермен жабдықталған трассалық медициналық-құтқару пункттері (ТМКП) ашылды, 2013 жылғы 1 қаңтардағы ахуал бойынша 12 ТМКП жұмыс істейді.

2011 жылғы шілдеден бастап Республикалық санитариялық авиация үйлестіру орталығы жұмыс істейді, бейінді мамандардың консультациясы мақсатында олардың ұшуы іске асырылуда. Одан басқа, шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарына 3 поезд консультациялық-диагностикалық көмек көрсетеді – «Денсаулық», «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан».

Медицина ұйымдарын ШЖҚ МК мәртебесіне кезең-кезеңмен ауыстыру

жүзеге асырылуда, ол басқаруды, қаржыландыру жүйесін, денсаулық сақтаудағы инвестициялық саясатты жетілдіруге, медициналық ұйымдар қызметтерінің экономикалық тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. 2013 жылғы 1 сәуірдегі ахуал бойынша республикада 432 медицина ұйымы ШЖҚ МК мәртебесіне ауысты.

Халықтың медициналық қызметке тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудың инфрақұрылымын жетілдіру мақсатында «100 мектеп және 100 аурухана салу», «350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт және емхана салу» ауқымды жобалардың шеңберінде 71 жаңа денсаулық сақтау объектісі іске қосылды және таяу төрт жылда 378 денсаулық сақтау объектісін салу жоспарлануда, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдана отырып құру жоспарлануда.

Елбасының тапсырмасына сәйкес ұлттық аккредиттеу жүйесіне халықаралық аккредиттеу стандарттары кезең-кезеңмен енгізілуде. Сапа бойынша халықаралық талаптарды есепке ала отырып, стационарлық, амбулаториялық-емханалық және жедел медициналық жәрдем көрсететін медициналық ұйымдарға арналған аккредиттеу стандарттары жаңартылды. Денсаулық сақтаудағы сапа бойынша Халықаралық қоғамдастықтың Атқарушы комитеті (ISQua) 2012 жылы стационарларға арналған стандарттар қауіпсіздік пен сапаның халықаралық нормаларына сәйкес деп танылды. 2013 жылғы ақпанда амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға арналған стандарттар мақұлданды, 2013-2014 жылдарда аккредиттеудің жаңартылған стандарттарын жоспарлы енгізу жоспарлануда.

Қазақстан Республикасында халықаралық талаптарға бейімдеу үшін фармацевтикалық саланы оңтайландыру үдерісі басталды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін іске асыру мақсатында дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың айналымын реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленді. Мемлекеттік қолдау шаралары отандық өндірушілердің сапалы фармацевтикалық өнімді өндіру көлемі мен номенклатурасының жыл сайынғы өсімін қамтамасыз етуге бағытталған.

2010 жылы әлемдік тәжірибенің негізінде қаражатты айтарлықтай үнемдеуге және отандық препараттарды тұтыну үлесін бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берген Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды дистрибуциялаудың бірыңғай жүйесі құрылды. ТМККК шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу бүгінгі таңда тұтынудың жалпы көлемінің 70 %-ын құрайды.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы тіркеу, сертификаттау, сапасын бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды жарнамалау қызметі жетілдірілуде. Ұлттық ақпараттық дәрі-дәрмек

Нарықтық экономика жағдайында дәрілік заттардың қолжетімділігін арттыру үшін дәрілік препараттарға бағаның өсуін ұстау іс-шаралары жүргізіліп жатыр. Республикалық және жергілікті бюджет қаражатының есебінен ТМККК шеңберінде сатып алынатын дәрілік заттардың бағаларын мемлекеттік реттеу енгізілді. ТМККК шеңберінде пайдаланылатын дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тіркелген бағаларына шекті көтерме және бөлшек үстемелерді белгілеу әдістемесі әзірленді. Терапиялық тиімділікті, фармакоэкономиканы және жанама әсерлерін мониторингілеуді ескере отырып, дәрілік заттарды ұтымды қолдануға бағытталған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің формулярлық жүйесі енгізілді. Дәрілік заттардың бағаларын мониторингілеу орталығы құрылды.

ТМККК шеңберінде азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету құқықтарын іске асыру мақсатында амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Стационарлық және амбулаториялық деңгейлерде терапияның сабақтастағын есепке ала отырып, дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге арналған Дәрілік заттардың тізбесі о н т а й л а н д ы р ы л д ы .

Халықтың әлеуметтік осал топтарын (зейнеткерлер, мүгедектер, табысы аз) қолдау мақсатында бұрын 50% жеңілдікпен босатылатын дәрілік заттар 2012 жылдан бастап тегін босатылуда. Қымбат тұратын нозологиялар (жайылма беріш , балалар гемофилиясы, онкогематология, онкология) бойынша дәрілік заттарды сатып алу республикалық бюджет қаражатының есебінен бірыңғай дистрибьютермен жүзеге асырылады.

Диспансерлік науқастардың тіркелімі және амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесі енгізілуде, ол жүйе әр пациентке мемлекет кепілдік берген дәрілік препаратты алуын нақты қадағалауға мүмкіндік береді.

Ауыл тұрғындарына дәрілік көмектің физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін дәріханалық ұйымдары жоқ 3000-нан астам ауылдық елді мекенге МСАК объектілері арқылы дәрілік заттарды өткізу ұйымдастырылды.

Медициналық көмектің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін медициналық қызметтер сапасын басқару тетіктері жетілдірілуде.

Пациенттердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық кеңестер және денсаулық сақтау саласында азаматтардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиялар құрылды. Медициналық ұйымдарда шағымдардың алдын алуға және шағымдар пайда болған жерлерде «сол жерде және қазір» қағидаты бойынша жұмыс істеуге арналған Ішкі бақылау қызметтері жұмыс істейді.

Пациенттердің хабардарлығын арттыру, денсаулық сақтау саласында бәсекелестік ортаны дамыту, транспаренттілік және медицина ұйымын еркін

таңдау қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында Министрлік 2012 жылы сыртқы , ішкі бақылау және пациенттердің пікірлерінің негізінде Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарын рейтингтік бағалау жүйесін енгізді. Халық арасында сауалнама жүргізіліп тұрады (2012 жылдың қорытындысы бойынша халықтың медициналық қызметтің сапасымен қанағаттануы республика бойынша 86,7 % құрады (2011 жылы – 81,5 %).

«Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі» бағдарламалық кешенінде автоматтандырылған «Медициналық қызмет көрсету ақауларын есепке алу жүйесі» енгізілді, ол ақаулардың пайда болу себептерін талдауға және тиісті басқарушылық шаралар мен экономикалық әсер ету шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта дәрігерлерді даярлауды 6 медицина университеті және 1 мемлекеттік емес ЖОО, көп бейінді университеттердің 3 медициналық факультеті жүзеге асырады. Біліктілікті жоғарылату Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің, медицина университеттерінің, 16 ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми орталықтардың базасында жүргізіледі. Медициналық көмекті 65 мыңнан астам дәрігер және 150 мыңға жуық орта медицина қызметкері көрсетеді. Дәрігер санының ұлғаюына қарамастан (10000 адамға шаққанда 2010 жылғы 38,8-ден 2012 жылы 38,7-ге дейін) халықты барлық мамандықтағы дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз ету бір деңгейде қалып отыр.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде денсаулық сақтау кадрларын даярлаудың сапасына қолжеткізу бойынша нақты жұмыстар жүргізілді. Бір медициналық ЖОО акционерлік қоғам мәртебесіне ауысты және қалған бес медициналық ЖОО үлкен дербестікті ала отырып, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – ШЖҚ МК) мәртебесіне көшті. Инновациялық білім беру технологияларын енгізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Медицина кадрларының біліктіліктерін шетелде арттыруға, жетекші шетел мамандарын жұмылдырумен мастер-кластарды ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлінді. 2011 жылдан бастап 456 оқытушы шетелде және 585-тен астамы жетекші шетел мамандарын жұмылдыра отырып, Қазақстанда қайта даярлаудан өтті. Құрылған оқу-клиникалық орталықтар студенттер мен интерндердің клиникалық даярлығына назар аударуға мүмкіндік берді. Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының сапаны жақсартудың жаһандық стандарттарына негізделген базалық медициналық білім беруді институционалдық аккредиттеудің ұлттық стандарттары әзірленді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы Аккредиттеу кеңесінің шешімімен 5 мемлекеттік медицина университеті аккредиттелді: «Астана медицина университеті» АҚ, «Қарағанды мемлекеттік

медицина университеті» ШЖҚ РМК, «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК, «Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті» ШЖҚ РМК, «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» ШЖҚ РМК. Кадр әлеуетін реттейтін нормативтік құқықтық база күшейтілді: номенклатура оңтайландырылды және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар мен денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары жетілдірілді. 2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білімін дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасының іс-шаралары іске асырылуда.

Саланың ғылыми әлеуеті ЖОО-ның ғылыми кадрларымен және профессорлық-оқытушы құрамымен ұсынылған – 4738 адам. Ғылыми қызметкерлерді даярлау магистратура және PhD докторантура шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес іске асырылады, 60-тан астам ғылыми қызметкер АҚШ және Канада университеттерінде ғылыми зерттеулердің менеджменті бойынша оқудан өтті, ғылыми ұйымдардың және ЖОО-ның 400-ден астам қызметкері мемлекет ішіндегі ғылыми зерттеулердің менеджменті бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Ғылыми кадрлардың жалпы дәрежелері (ғылым кандидаттарын және докторларын, магистрлерді және PhD докторларын қоса алғанда) 61,4% құрайды.

Патенттер саны өсуінің оң динамикасы байқалады. Соңғы жылдары ғылыми зерттеулердің сапасын қамтамасыз ету тетіктері белсенді дамып келеді – этика мәселелері жөніндегі орталық және жергілікті комиссиялар құрылды, клиникаға дейінгі (Good Laboratory Practice – GLP) және клиникалық (Good Clinical Practice – GCP) сынақ жағдайында ғылыми зерттеулердің халықаралық стандарттары е н г і з і л у д е .

2011 жылдан бастап «Өмір туралы ғылым орталығы» ғылыми-зерттеу кешені жұмыс істейді, оның ішіне регенеративті медицина орталықтары кіреді. ЖОО ғылымын нығайтудың жалпы мемлекеттік саясатының шеңберінде, сондай-ақ медициналық ғылымды дамытудың салалық басымдылықтарына сәйкес бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ғылыми-техникалық бағдарламаларының негізгі орындаушылары ретінде медициналық ЖОО-лары белгіленді. 2012 жылы медициналық ЖОО-ның базасында 2 қазіргі заманғы ғылыми зертхана (ұжымдық пайдалану орталықтары) құрылды.

Негізгі проблемаларды талдау

Қазіргі уақытта денсаулық сақтау жүйесінде маңызды проблемаларының бірі айырмашылықтың ұлғаю үрдісі бар өңірлердің арасындағы

амбулаториялық-емханалық көмекті (АЕК) қаржыландырудағы дисбаланс болып табылады. Осылайша, 2012 жылы бір тұрғынға есептегенде ТМККК шығыстары 23 256,6-дан 37 905,4 дейін теңгені құрады. 1 тұрғынға есептегенде МСАК көрсетудің орташа шығыстары республика бойынша 309,5 теңге құрайды. Ал өңірлерде жан басына шаққандағы нормативтің алшақтығы 169 теңгеден (Шығыс Қазақстан облысы) 488 теңгеге (Ақмола облысы) дейін ауытқиды. Осыған байланысты 2014 жылдан бастап БҰДЖ шеңберінде АЕК деңгейінде 1 тұрғынға жан басына шаққандағы нормативті теңестіру жоспарлануда, бұл АЕК-ке тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

БҰДЖ шеңберінде қаржыландырудың тетіктері пайдаланылады (қор ұстау, екі компонентті жан басына шаққандағы нормативті) енгізу жолымен қол жеткізілген бәсекелес ортаны қалыптастырудағы оң өзгерістерге қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының төмен басқарушылық дербестігі және денсаулық сақтау ұйымдарындағы менеджерлердің жеткіліксіз біліктілік деңгейі медициналық қызметтерді берушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға кедергі келтіреді.

Медициналық ұйымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейіне байланысты мәселелер проблемалы болып отыр. Министрлік бағасы 5-тен бастап 50 млн. теңгеге дейін медициналық техниканың лизингін енгізді, бірақ денсаулық сақтау ұйымдары лизингтік жүйенің барлық мүмкіндіктерін пайдаланбайды. Сондай-ақ ұйымдарда байқау кеңесі бар ШЖҚ МК үлесі өте аз, бұл бір емделіп шыққан жағдай үшін тарифтің шеңберінде 5 млн . теңгеге дейін медициналық техниканы сатып алуға арналған қаражатты қарастыруға мүмкіндік бермейді. Оған қоса сервистік қызметтің болмауы медициналық техниканың тоқтап тұруына және тиімсіз пайдаланылуына әкеледі.

Сонымен қатар денсаулық сақтау саласының бастапқы буынында жалпы дәрігерлік практика және халықпен профилактикалық жұмыс жүргізудегі денсаулықты сақтау технологиялар әлсіз дамуда. Медициналық қызметтерге қол жетімділіктің теңсіздігі мен медициналық қызметтер сапасының төмен болуы сақталуда. Пациенттер мен тұтас қоғамның денсаулық сақтау қызметтерінің сапасын жақсарту үдерісіне қатысуын көтермелеу және әлеуетін арттыру қажет.

Бүгінгі таңда БҰДЖ белсенді енгізуге қарамастан, денсаулық сақтаудағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның жеткіліксіз деңгейі, медицина қызметкерлерінің арасындағы компьютерлік сауаттылықтың төмен деңгейі, емдеу-профилактикалық үдерісті автоматтандыруды және төсек қорын оңтайландыру бойынша іс-шараларды жетілдірудегі, негізсіз емдеуге жатқызуды және стационарларда ұзақ жатуды қысқарту қажеттілігі сақталып отыр.

Қазіргі уақытта пациенттің қажеттілігіне бағдарланған, қауіпсіз, әділ, сапалы және тұрақты денсаулық сақтау жүйесін қамтамасыз ететін, уақтылы, өзекті,

дұрыс және жеткілікті ақпаратты автоматтандырылған түрде алу мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейтін Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтау саласын дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы мақұлданды. Электрондық денсаулық сақтаудың орталық элементі электрондық денсаулық паспорты болып табылады, ол адам денсаулығы туралы негізгі деректерді сақтауға және онымен алмасуға арналған қисынды құрылымды қамтамасыз етеді және медициналық қызметтердің қол жетімділігі мен сапасын жоғарылатуға, сондай-ақ барлық деңгейде менеджментті жетілдіруге бағытталған денсаулық сақтау жүйесінің міндеттерін іске асыруға арналған құрал болып табылады.

Қазақстанның ауылдық денсаулық сақтау жүйесі оқшаулануына (алыста орналасуына), инфрақұрылымның нашар дамуына, материалдық базаның әлсіз болуына, қатаң климаттық жағдайларға, медицина қызметкерлерінің жеткіліксіздігіне және кадрлардың жоғары ағынына байланысты елеулі қиындықтарға ұшырап отыр, бұл халықтың медициналық қызметтерге ағынын реттейтін барлық қолданыстағы тетіктерді жетілдіруді және жаңа тетіктерді енгізуді қажет етеді.

Ауылдық емдеу-профилактикалық ұйымдарының материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлықсыз жағдайда қалып отыр. Медицина ұйымдары көбінесе бейімделмеген, санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін үй-жайларда орналасқан, қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен, санитариялық автокөлікпен, жұмсақ және қатты бұйымдармен жеткіліксіз жарақтандырылған. Ауылдық денсаулық сақтау объектілерінің көбінде дәріханалық дүңгіршектер жоқ. Ауылдық денсаулық сақтауды дамыту, дәрігер мамандығының беделін көтеру, медицина кадрларын ауылда тұрақтандыру бойынша шараларды күшейту қажет.

Қабылданатын шараларға қарамастан фармацевтикалық қадағалау, фармакоэкономикалық зерттеулер, дәрілік заттардың жанама әсерлерін мониторингілеу жүйесі, жалған және контрафактілік дәрілік заттардың өндірісіне және таралуына қарсы күрес жұмыстары одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Медицина ұйымдарын тиісті сервистік қызмет көрсете отырып, қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесін де шешу қажет.

Халықтың, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын халықтың дәрілік заттарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері одан әрі шешуді қажет етеді.

Фармацевтикалық саланы қарқынды дамыту үшін өндірілетін дәрілік заттардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықаралық нарыққа шығару бойынша жұмыстар жүргізу қажет, оның ішінде Кеден одағы шеңберінде, соңғы өнімнің сапасын бақылау жүйесінен дистрибьюторлық және дәріханалық практика өндірісінің сапасын қамтамасыз ететін жүйеге көшу, дәрілік заттардың

және медициналық мақсаттағы бұйымдарды дистрибуциялаудың Бірыңғай жүйесін жетілдіру қажет.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру көздері әртараптандырылмаған, негізгі қаржылық жүктеме мемлекетке жүктелген, іскери қоғамдастықтың үлесі жеткіліксіз, ал азаматтардың қаржылық қатысуы өз денсаулығы үшін олардың жауапты көзқарасын ынталандырмайды. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету әрбір қатысушының елдің экономикалық өсуіне және дамуына қосқан үлесін есепке ала отырып, барлық әлеуметтік әріптестермен (мемлекет, жұмыс беруші, қызметкер) ортақ жүзеге асырылатын болады. Осы мақсатта 2016 жылдан бастап Қазақстанда денсаулық сақтауды қаржыландырудың жаңа үлгісі кезең-кезеңмен енгізілетін болады. Бұл ретте халық табысының өсуі бойынша азаматтардың медициналық қызметтерді тұтынуды оңтайландыру мақсатында олардың медициналық қызметке қоса ақы төлеу тетігін енгізу мәселесі қаралатын болады. Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік белсенді дамытылады.

Қабылданған шараларға қарамастан, Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметінде кадрларды даярлау сапасы, жұмыс істейтін мамандардың біліктілік деңгейі негізгі проблема болып отыр. Жыл сайын даярланған медицина кадрларының ұлғаюы кезінде, жұмыспен қамтылған штат лауазымдарының саны орын алып отыр.

